

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.К., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЬЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

FTAХР 16.21.47

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.08>Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ¹ С. ҚҰЛМАНОВ² Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан²(e-mail: sheru_64@mail.ru¹, k.k.sarsen@mail.ru²)

*ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМЫ: ДӘСТҮРЛІ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ терминжасамындағы дәстүрлі үдерістер мен оның қазіргі даму бағытын талдау арқылы қалыптасқан ұлттық үлгідегі синтетикалық (морфологиялық), синтаксистік (аналитикалық) (сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарған сөздер) терминжасам тәсілдерінің қызметі белсенді түрде жалғасып келе жатқаны тілдік деректер негізінде дәлелденіп, қазіргі кезде өнімді қолданылып отырған немесе өнімділігі артып келе жатқан жұрнақтар көрсетілді.

Зерттеу барысында негізінен еуропа тілдерінен енген сөздерге және орыс тілінің сөздеріне жалғанатын орыс тілінің жұрнақтары тілімізге: а) бір жұрнақ бір жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен және ә) бір жұрнақ бірнеше жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен аударылатыны анықталды.

Мақалада шеттілдік элементтердің қатысуымен жасалған «гибрид» терминдердің терминбөлшектері төмендегіше жіктеліп көрсетілді: сөздің алдында қолданылатын элементтер (префиксодтар); сөздің соңында қолданылатын элементтер (аффиксодтар). Алайда мұндай элементтердің қазіргі кезде аударылып та қолданылатыны дәлелденді.

Қазіргі қазақ терминжасамындағы мынадай «оң» үрдістерді атап өтуге болады: лексика-семантикалық (конверсия) тәсіл арқылы ұлттық танымға негізделген метафоралық қолданыс нәтижесінде жасалған терминдер санының артуы; тіліміздің лексикалық қорындағы ұлттық құндылықтарға қатысты терминдерді орыс тіліне транслитерациялау арқылы термин жасау; шет елдерде тұратын қазақтардың тілінен термин алудың біршама жандана бастауы; еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілінің сөздері мен сөз тіркестерін тілімізге әртүрлі тәсілмен аудару; терминдерді бұрынғыша тек орыс тілі арқылы ғана емес, ағылшын тілінен тікелей қабылдау, оларды орыс тілінің емлесі бойынша емес, айтылуына жақындатып қабылдау.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті АР19679140 «Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» ғылыми жобасы аясында жазылды

Сонымен қатар қазақ терминжасамында мына тәрізді «теріс» үрдістер де байқалады: орыс тілінен құрылымдық, семантикалық-синтаксистік калькалау жолымен термин жасау арқылы бұрын тілімізде кездеспейтін сөздердің байланысу тәсілінің «жаңа бір түрінің» пайда болуы; «аффиксоидтар» (-алды, -арты, -асты) қолданысының артуы; сөздерді біріктіріп жазу үдерісінің белең алуы; орыс тіліне еуропа тілдерінен енген терминдердің бірнеше баламасының жарыса қолданылуы; бұрынғысынша еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдаудың басым болуы; еуропа тілдерінің сөздерін сол тілдердегі жазылуы бойынша қабылдау процесінің белең алуы; шеттілдік элементтердің қатысуымен жасалған «гибрид» терминдер санының артуы.

Түйін сөздер: терминология, терминжасам, терминалмасым, синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, синтаксистік (аналитикалық) тәсіл, лексика-семантикалық (конверсиялық) тәсіл

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуы төрт кезеңге бөлініп қарастырылады: а) әртүрлі салаларға қатысты терминдер кездесетін М.Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-түрк» сөздігі, «Қорқыт Ата» кітабы, «Кодикус Куманикус» сияқты еңбектері; ә) 1910-1930 жж.; б) 1930-1990 жж.; в) Тәуелсіздік алғаннан бастап осы кезге дейін [1, 35-42]. Бұл кезеңдер қазақ тілінде термин жасау, шет тілдерінен термин қабылдау, жалпы қазақ терминологиясын дамыту мен қалыптастыру сияқты мәселелерінің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады және оған әртүрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық жағдайлардың (саяси жағдайлар, ғылым мен техниканың дамуы) әсері болды.

Қазақ терминологиясы бойынша зерттеулерді талдай келе, оларды мазмұнына қарай былайша топтастыруға болады: жалпы терминология мәселелері қарастырылған еңбектер; терминологияның лингвистикалық аспектілері зерделенген зерттеулер; терминологиядағы салыстырмалы және салғастырмалы зерттеу жұмыстары; әртүрлі ғылым салаларының терминдеріне арналған зерттеулер; қазақ терминологиясы ілімінің тарихы қарастырылған еңбектер; терминологияны оқытуға, оның әдістемесіне арналған еңбектер; терминографиялық зерттеулер.

Қазақ тіл білімінде терминология саласына қатысты зерттеулер санының біршама және әртүрлі сипатта болуына қарамастан, ғылым, техника мен технология қарқынды дамып отырған қазіргі кезде тіліміздің терминологиялық қорында, терминжасам үдерісінде өзгерістердің болуы заңдылық деп санаймыз және бұл мақаламызда осы мәселені қарастыруды мақсат еттік.

Әдістеме және зерттеудің әдістері. Мақалада жалпы және қазақ тіл біліміндегі терминология саласындағы теориялық зерттеулер мен қазіргі қазақ терминологиялық қорының деректері негізге алына отырып, қазақ

терминологиясындағы дәстүрлі үдерістер мен оның қазіргі даму бағытын талдау үшін терминдерді сұрыптау, жүйелеу, морфемалық (құрылымдық) талдау, лексика-семантикалық топтау, функционалды-семантикалық талдау, сонымен қатар семантикалық, когнитивтік талдау, синхрондық және ішінара диахрондық (этимологиялық) талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Жалпы тіл білімінде терминшығармашылығының негізгі төрт тәсілі көрсетіледі: 1) терминжасам (сөзжасамның түрлі тәсілдері), 2) терминдену (термин емес сөздердің терминдер қатарына өтуі), 3) қайта терминдену (өзге саланың дайын терминін пайдалану), 4) терминалмасу, халықаралықтандыру (өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдап алу) [2, 539].

Жалпы тіл білімінде терминология ғылымының жалпы мәселелері (термин қабылдау қағидаттары, терминография, терминжасам және т.б.) әртүрлі қырынан (аспектіде) қарастырылып келеді (В.М.Schuster, Е.Rokhlina, Е.Abramova, В.В.Виноградов, А.А.Реформатский, Б.Н.Головин, Т.Л.Канделаки, Р.Ю. Кобрин және т.б.).

Қазақ тіл білімінде терминшығармашылығы мәселесі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлынан басталып, Алаш зиялыларының, одан кейін Кеңес одағы және Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тілші ғалымдардың еңбектерінде терминологияның ғылыми-практикалық проблемаларымен қатар зерттеу нысаны болып, салалар терминдерінің қалыптасуы мен дамуына, салалық терминологиялық сөздіктер түзу проблемаларына арналған еңбектерде де қарастырылып келеді (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ө.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлы, Е.Әбдірәсілов, Қ.Айдарбек, С.Исақова және т.б.).

Солардың ішінде қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері арнаулы түрде зерттеу нысаны болған негізгі еңбектерге мыналарды жатқызуға болады [3; 4; 5; 6].

Бұған дейін жарияланған зерттеулерімізде ұлт тіліндегі терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген немесе пайдалануға болатын екі жүзге тарта (194) жұрнақ көрсетілген болатын [2, 540-557].

Әртүрлі ерекшеліктеріне, қазіргі терминжасамдық әлеуетіне байланысты аталған жұрнақтарды шартты түрде төмендегіше жіктеуге болады:

1) **термин жасау өнімділігі жоғары жұрнақтар:** **-дық/-дік/-лық/-лік/-тық/-тік:** адал/дық, бел/дік, жақсы/лық, бір/лік, бас/тық, етіс/тік; **-гіш/-ғыш:** сүз/гіш, қыр/ғыш; **-қаш/-қыш:** қыс/қаш, ұш/қыш; **-м/-ым/-ім:** болжа/м, сөйле/м, сал/ым, түс/ім; **-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе:** көшір/ме, бас/па; **-уыш/-уіш:** бұра/уыш, түйре/уіш; **-ша/-ше:** кітап/ша, қалем/ше; **-шы/-ші:** сақ/шы, есеп/ші; **-ық/-ік/-қ/-к:** бөл/ік, іс/ік; **-ыс/-іс/-с:** айт/ыс, бұрыл/ыс);

2) **терминжасауда өнімділігі орташа жұрнақтар:** **-дас:** заман/дас, отан/дас; **-кін/-қын:** көш/кін, тос+қын; **-ман:** тыңдар/ман, оқыр/ман; **-уыл/-уіл:**

шаб/уыл, бөге/уіл; **-уыр/-уір:** тінт/уір, сүңгі/уір; **-шек:** бөл/шек; **-шік:** бұр/шік, түйір/шік;

3) қазіргі кезде өнімділігі артқан жұрнақтар:**-гі/-ғы/-қы/-кі:** сүз/гі, ұйыт/қы; **-м/-ым/-ім:** төлем, айтылым, естілім;**-ушы/-уші:** жаз/ушы, терге/уші; **-шылық/-шілік:** шығарма/шылық, көп/шілік;

4) «жұрнақ» деп саналып жүрген араб, парсы тілдерінен енген тілдік элементтер: а) араб, парсы тілдерінде түбір мен қосымшаға бөлінгенімен, тілімізге тұтас сөз ретінде енген тілдік бірліктер: **-ат:** ақпар/ат, мағлұм/ат; **-бан:** мейір/бан, бағ(қ)бан; **-гер/-кер:** зер/гер, талап/кер; **-зар:** гүл/зар; **-рат:** кінә/рат); ә) парсы тілінде «ұл», «бала» деген мағына білдіретін **зада** (заде – زاده) сөзі тілімізге сол тілден біртұтас сөз ретінде енген (хан/зада, бек/зада); б) парсы тілінде «үй», «жай», «орын» деген мағына білдіретін **хана** (хане 1 – خانه) сөзі әуелгіде тілімізге сол тілден біртұтас сөз ретінде енсе, уақыт өте келе, кірме сөздерге де, төл сөздерімізге де жалғанып, сөзжасамдық әлеуеті күшейген (кітап/хана, баспа/хана, ем/хана, ас/хана, ауру/хана, шай/хана, жатақ/хана, ұста/хана); в) парсы тілінде «жазба, жазылған хат, шығарма, туынды» деген мағына білдіретін **нама, наме** (наме – نامه) сөзі әуелгіде араб, парсы тілдерінен енген сөздерге жалғанса, кейін фонетикалық нұсқалары төл сөздерімізге де жалғанған (**-нама/-дама/-деме/-тама/-теме:** рұқсат/нама, тұжырым/дама, мәлім/деме; қаза/нама, қап/тама, жүк/теме;

5) кейбір сөздерге жалғанып, лексикалық бірлік жасаған жұрнақтар, қазіргі кезде ондай туынды сөздер лексика-семантикалық тәсіл, яғни конверсия арқылы терминденген: **-а/-е:** жыр/а; **-ай:** маң/ай; **-ақ:** тұр/ақ; **-анақ:** шығ(қ)анақ; **-ар:** қос/ар; **-ат:** қыр/ат; **-ау:** қыл/ау; **-ашақ/-ешек:** бол/ашақ, бер/ешек; **-гей:** күн/гей; **-ғалдақ:** қыз(ыл)/ғалдақ; **-ғын:** тұр/ғын; **-дақ:** мұз/дақ; **-ең:** кез/ең; **-ет:** көш/ет; **-й:** тақта/й; **-к:** еле/к; **-кей:** бет/кей; **-кек:** іс/кек; **-кел:** өт/кел; **-келек:** өт/келек; **-кеш:** өр/кеш; **-кі:** есірт/кі; **-кілік:** іш/кілік; **-қақ:** тырыс/қақ; **-л:** болжа/л; **-мақ:** сал/мақ; **-мал:** тасы/мал; **-мыс:** қыл/мыс; **-мыш:** жаз/мыш; **-міс:** же/міс; **-н:** толқы/н; **-р:** қара/р; **-сын/-сін:** бөге/сін; **-т:** бөге/т; **-тақ:** қыс/тақ; **-у:** байқа/у; **-уыл/-уіл (-ауыл/-еуіл):** шаб/уыл, айда/уыл; **-ық:** тот/ық; **-ыл:** шу/ыл; **-ын:** жи/ын; **-ынды/-інді:** еріт/інді; **-ыт:** құмдау/ыт; **-ін:** түй/ін;

6) кейбір сөз таптарына жалғанғанда лексикалық бірліктер жасайтын жұрнақтар: **-ақ:** бұлт/ақ, балп/ақ; **-гір/-ғыр/-қыр/-кір:** дүң/гір, сың/ғыр, күр/кір, сар/қыр; **-іл:** күңк/іл, селк/іл;

7) әртүрлі мағына білдіру үшін жұмсалатын жұрнақтар: а) кішірейту мағынасы: **-шақ/-шек:** құлын/шақ, түйін/шек; **-шық/-шік:** қала/шық, төбе/шік; ә) сыйластық, құрметтеу мағынасы: **-еке:** ағ(а)/еке, шеше/еке; **-жан:** әке/жан, көке/жан; **-й:** жеңге/й, ата/й; **-ке/-қа:** Мә/ке, Мұ/қа; **-ш:** бике/ш, қалқа/ш; б) еркелету мағынасы: **-қай:** бала/қай, алаң/қай; **-қан:** бота/қан, қыл/қан; **-тай:** аға/тай, апа/тай; в) жақтырмау мағынасы: **-сымақ:** бастық/сымақ, көше/сымақ, өлең/сымақ;

8)қазіргі кезде туынды сөз жасамайтын тарихи жұрнақтар (**-ан:** от/ан, ұл/ан; **-ана:** жұқ/ана; **-аң:** тоз/аң, жаз/аң; **-ар:** жан/ар, қаш/ар; **-арт:** мұз/арт; **-ауыл:** сыр(ы)қ/ауыл, қырық/ауыл; **-аш:** бақыр/аш; **-тек:** жел/тек; **-гелдек:** көз/гелдек, без/гелдек; **-ген:** жеті/ген; **-ғақ:**жар/ғақ, қайыз/ғақ; **-дек:** кеңір/дек; **-дырық/-дірік:** табал/дырық, өміл/дірік; **-ексе:** өл/ексе; **-емел:** түн/емел, ти/емел; **-ен:** сүр/ен; **-ер:** шек/ер; **-ес:** бел/ес, дөң/ес; **-кем:** жел/кем; **-кен:** әр/кен, жел/кен; **-кіл:** сеп/кіл; **-қал:** шат/қал; **-қат:** жара/қат; **-лақ:** тай/лақ; **-лек/-дек:** көй/лек, діріл/дек; **-маш/-меш:** тіл/маш, қуыр/маш, түй/меш; **-мел:** сүйе/мел; **-мшік:** ірі/мшік; **-нек:** өр/нек, көр/нек; **-пақ/-пек:** бат/пақ, піс/пек; **-пақыл:** қақ/пақыл, ат/пақыл; **-пан/-пен:** қақ/пан, шек/пен; **-паң:** ой/паң; **-пар:** қат/пар, шоқ/пар, тұл/пар; **-пат:** ой/пат, тұр/пат; **-паш/-пеш:** жаңылт/паш, қол/паш, керт/пеш; **-р:** үңгі/р, қара/р; **-сар:** аң/сар, жап/сар; **-се:** жең/се, жіп/се; **-та:** қыл/та, қарым/та; **-тандық:** бос/тандық, қас/тандық; **-тек:** түбір/тек, көн/тек; **-тқа:** жұмыр/тқа; **-шар:** жиен/шар; **-ыз:** қау(қап)/ыз; **-ыныш:** қор(ы)қ/ыныш; **-імдік:** көр/імдік, өс/імдік; **-іт:** ки/іт, ірк/іт; **-іш:**өкін/іш, керу/іш).

Нәтижелер. Терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі

Қазіргі қазақ терминжасамында дәстүрлі түрде қалыптасқан ұлттық үлгідегі синтетикалық (морфологиялық) терминжасам тәсілінің қызметі белсенді түрде жалғасып келеді. Соның ішінде қазіргі кезде өнімді қолданылып отырған немесе өнімділігі артып келе жатқан терминжасам жұрнақтарына мыналарды жатқызуға болады:

-гер/-кер/-ғар/-гер: әкімгер, борышкер, заңгер, зейнеткер, кәсіпкер, талапкер, ғарышкер, үлескер(іс жүргізу, экономика және т.б.);

-ті/-ғы/-қы/-кі: сорғы, бұрғы, ауатұтқы, өтайдатқы, зəрайдатқы, ішайдатқы, ұйықтатқы (техника, медицина және т.б.);

-гіш/-ғыш/-кіш/-қыш: ажыратқыш, араластырғыш, қыздырғыш, күлтұтқыш, ағытқыш, суландырғыш, оқшаулатқыш, сақтандырғыш (энергетика, механика және т.б.);

-ды/-ді/-ты/-ті/-лы/-лі:төгінді, ағынды, жабынды, жүзінді(экология және т.б.);

-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік: әкімдік, біртектілік, достастық, жемқорлық, зайырлылық,зияткерлік, кәсіпкерлік, отансүйгіштік, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, іскерлік (заңнама, іс жүргізу, экономика және т.б.);

-м/-ым/-ім: айтылым, естілім, жасалым, жуысым; басылым, жарияланым, көрсетілім, өтінім, төлем, өсім, салым, таныстырылым, таралым, шақырылым (тіл білімі, іс жүргізу, экономика және т.б.);

-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе: анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме, көшірме, жүктеме, көшірме, мөлшерлеме, түйіндеме, бекітпе, әдістеме (іс жүргізу, экономика, техника және т.б.);

-ман/-мен: оқырман, оралман, көрермен, тыңдарман;

-малы/-мелі: құйылмалы еден (наливной пол), тағылмалы технология (носимая технология), функция убывающая (кемімелі функция), балқымалы сақтандырғыштар (плавкие предохранители);

-нама/-дама: әдепнама, әдіснама, әлеуметнама, дерекнама, жаднама, жарнама, заңнама, қазанама, сауалнама, тұғырнама, тұжырымдама (заңнама, экономика және т.б.);

-у: айыптау, анықтау, беттестіру, ескерту, тергеу, тұтқындау, тінту, іздеу, бұрғылау, жекешелендіру, тұтыну, үйлестіру, сақтандыру, жобалау, сұрыптау, байқау, терістеу, шектеу, көмірлену, тотығу (заңнама, іс жүргізу, экономика және т.б.);

-уыр/-уір: тамш(ы)уыр, сүңг(і)уір, тінт(і)уір, шымш(ы)уыр;

-уыш/-уіш: талдауыш, жабдықтауыш, жүктеуіш, қосындылауыш, құжаттауыш, жинақтауыш, шоғырлауыш, шектеуіш, өңдеуіш, жөндеуіш, жоспарлауыш, есептеуіш (информатика, энергетика және т.б.);

-хана: зертхана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, намазхана (заңнама және т.б.);

-шы/-ші: әкімші, бақылаушы, байланысшы, әрлеуші, жолшы, зілтемірші, кеденші, көшбасшы, мұрағатшы, салықшы, салымшы, тапсырысшы (іс жүргізу, құрылыс, спорт, экономика және т.б.);

-ыс/-іс: доғарыс, отырыс, тапсырыс, байланыс, тексеріс, үдеріс, беріліс (заңнама, іс жүргізу, экономика және т.б.).

Терминжасамдық белсенділігі артып келе жатқан жекелеген сөздер де кездеседі. Солардың бірі – «жай» сөзі. Мысалы: алқажай (горница), оймажай (альков), ханымжай (будуар), ыстықжай (кальдарий), саяжай (дача), қарсыжай (описфодом), тынысжай (рекреация), түкпіржай (таблинум), театрон (көрерменжай), жылыжай (тепидарий) және т.б. Сонымен қатар «-хана «жұрнағы» мен жай сөзінің кейде бір түбірге жалғанып, жарыспалы түрде қолданылатын кездері де ұшырасып қалады» (көшетхана – көшетжай, жылыхана – жылыжай) [7].

Қазіргі кезде негізінен еуропа тілдерінен енген сөздерге және орыс тілінің сөздеріне жалғанатын орыс тілінің жұрнақтары тілімізге төмендегі жұрнақтармен аударылады:

а) бір жұрнақ бір жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен аударылады:

-ист:-шы/ші (футболшы, баскетболшы);

-ский: -лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік (коммерциялық, статикалық);

-ство: -лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік (авторлық, агенттік);

-чик/-щик: -шы/-ші (фрахташы, автогенші);

ә) бір жұрнақ бірнеше жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен аударылады:

-изация: **-дыру/-діру/-тыру/-тіру**(типтендіру, автоматтандыру); **-лау/-леу/-тау/-теу**(карбондау, металдау); **-тану/-тену/-лану/-лену/-дану/-дену**(институциялану, кристалдану);

-овка: **-дыру/-діру/-тыру/-тіру**(оркестрлендіру – оркестровка); **-лау/-леу/-тау/-теу**(патиналау – патинировка; шифрлау – зашифровка); **-овка**(санжировка, плакировка);

-ность: **-лы/-лі/-ты/-ті**(гомогендік, дисперсиялық); **-тылық/-тілік/-дылық/-ділік**(экспрессивтілік, имплициттілік);

-ный: **-ған/-ген/-қан/-кен**(лексикаланған – лексикализованный, тотыққан – окисленный); **-лы/-лі/-ты/-ті**(симметриялы, эмотивті); **-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік**(эстетикалық, идеялық);

-ция: **-дыру/-діру/-тыру/-тіру**(компьютерлендіру, автоматтандыру); **-лау/-леу/-тау/-теу**(ноталау, сертификаттау); **-тану/-тену/-лану/-лену/-дану/-дену**(секвестрлену, депигменттену, гидраттану); **-ция**(инновация, консервация);

-ый: **-лы/-лі/-ты/-ті**(ацетиленді, гипсті); **-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік**(фарстық, казеиндік).

Терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) тәсілі

1) Сөзқосым тәсілі. Төл сөздердің, немесе араб-парсы тілдерінен енген сөздердің, немесе бірінші сыңары төл сөз, екінші сыңары араб-парсы тілдерінен сөздердің, немесе бірінші сыңары араб-парсы тілдерінен енген сөз, екінші сыңары төл сөз болып келетін екі немесе одан да көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған терминдер: еңбекақы, зейнетақы, бессайыс, елтаңба, әнұран, әуежай, жеделхат, қолжазба, қолхат, айыппұл, келісімшарт, басқосужәне т.б.

2) Қосарлау тәсілі. Мағыналары жақын екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған терминдер: сауда-саттық, тепе-теңдік, керек-жарақ, көші-қон, әлауқат, іс-шаражәне т.б.

3) Тіркестіру тәсілі. Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуі арқылы жасалып, бір терминдік атауды білдіретін тіркестер: а) төл сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: іс жүргізу, бір терезе, үлкен сегіздік, ас тұзы, асық жілік, ортан жілік, бел омыртқа, күрек тіс, тоқ ішек, ақ түйіршік және т.б.; ә) төл сөз бен араб, парсы тілдерінен енген сөздің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: ашық қоғам, сауда нүктесі, ғаламдық жылыну, қауіпсіздік белдігі, қаржы бөлужәне т.б.; б) төл сөз бен еуропа тілдері сөзінің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: ортақ валюта, валюталық бағам, валюталық келісім және т.б.; в) араб, парсы тілдерінен енген сөз бен еуропа тілдері сөзінің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: сенім телефоны және т.б.; г) араб, парсы тілдерінен енген сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: шаруа қожалығы және т.б.; ғ) аралас тіркестер: айлық есептік көрсеткішжәне т.б. Осы ретте тіркестіру тәсілі арқылы жасалған терминдер (жаңа атаулар) орыс тілінен семантикалық-синтаксистік калькалау жолымен жасалғанын атап өткіміз келеді.

4) Қысқарту тәсілі. Қысқарған сөздер жасалу жолына қарай негізгі 4 топқа бөлінеді: 1) дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы), БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары), АҚШ (Америка Құрама Штаттары), БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) және т.б.; 2) буындық я бөлімдік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: Қалатком, кеңшар (кеңестік шаруашылық), Ономком және т.б.; 3) дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер: ҚазҰУ, ҚазААГ (қазақтың ақпарат агенттігі); 4) буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер: ҚазАқпарат, Қазақтелеком, Мембаспаком, ҚазМұнайГаз, Еуроазия (Еуропа – Азия), Меммүлікт.б. [2, 581].

Зерттеуші Г.Иса қысқарған сөздерді: а) тілімізге енген шет тілдерінің қысқарған сөздері: TUV Nord, ISO, DIN; ә) өз тілімізде жасалып жатқан қысқарған сөздер: ҚНЖЕ, ҚЕ, МҚН, ЖА және т.б. деп бөле отырып, бұл тәсілді **морфологиялық-синтаксистік тәсіл** деп атайды. [7].

Қысқарған сөздер арқылы жасалған терминдерді былайша жіктеуге болады: а) Кеңес одағы тұсында орыс тіліндегі атаулардың қысқарған нұсқасы сол тілдегі жазылуы бойынша алынды (СССР, КПСС және т.б.); ә) орыс тіліндегі қысқарған атаулар аудармасының қысқарған нұсқасы алынды (СНГ – ТМД, ООН – БҰҰ және т.б.); б) еуропа тілдерінен енген қысқарған сөздер сол тілдердегі жазылуы бойынша алынды (HTML (HyperText Markup Language); URL (Uniform Resource Locator) және т.б.).

Қазақ терминологиясында шетілдік элементтердің қатысуымен жасалған «гибрид» терминдердің саны артып келеді. Мұндай терминбөлшектерді төмендегіше жіктеп көрсетуге болады:

1) сөздің алдында қолданылатын элементтер (префиксодтар): **авиа-** (авиа/бүріккіш, авиа/тозаңдатқыш; авиа/база, авиа/пошта); **авто-** (авто/көтергіш, авто/соқа; авто/камера, авто/корреляция); **агро-** (агро/техника, агро/физика); **актино-** (актино/граф, актино/метрия); **ана-** (ана/фаза, ана/фора); **анти-** (анти/биотик, анти/денотатор); **антропо-** (антропо/логия, антропо/генез); **апо-** (апо/невроз, апо/фермент); **архео-** (архео/графия, архео/логия); **астро-** (астро/физика, астро/навигация); **аэро-** (аэро/клуб, аэро/флот; аэро/түсіру, аэро/әдістер); (мұндай элементтер қазіргі кезде аударылып та қолданады: аэропорт – әуежай); **био-** (био/физика, био/сфера); **видео-** (видео/контент, видео/монтаж; видео/құжат; видеожады; (мұндай элементтер қазіргі кезде аударылып та қолданады: видеозапись – бейнежазба, видеоинформация – бейнеақпарат); **гео-** (гео/тоңтану, гео/физика, гео/метрия); **гетеро-** (гетеро/гамия, гетеро/генді); **гемо-** (гемо/глобин, гемо/стаз); **ген(о)-** (ген/етика, ген/офонд); **гидро-** (гидро/жетек, гидро/күшейткіш; гидро/монитор, гидро/сфера); **гипер-** (гипер/сүзгілеу; гипер/дактилия, гипер/кератоз); **гипо-** (гипо/гликемия, гипотония); **зоо-** (зоо/парк, зоо/техник); **изо-** (изо/база, изо/графия); **интра-** (интра/молекулалық, интра/зональды,

интра/лингвистикалық); **кардио-** (кардио/грамма, кардио/логия); **контр-** (**контра-**) (контр/революционер, контра/банда); **крио-**(крио/биология, крио/литогенез); **макро-** (макро/организм, макро/фауна); **мезо-** (мезо/зой, мезо/лит, мезо/нефрос); **мета-** (мета/физика, мета/морфоза); **микро-** (микро/климат, микро/флора); **мио-**(мио/бластер, мио/глобин); **моно-** (моно/графия, моно/генизм); **мото-** (мото/спорт, мото/цикл); **нейр-** (**нейро-**) (нейр/ит, нейро/лингвистика); **нео-** (нео/логизм, нео/реализм); **палео-** (палео/антропология, палео/графия); **поли-** (поли/графия, поли/семия); **психо-** (психо/лингвистика, психо/терапевт); **радио-** (радио/қабылдағыш, радио/хабар; радио/грамма, радио/телефон); **стерео-** (стерео/скоп, стерео/метр; стерео/дыбыс); **супер-** (супер/элита, супер/маркет; супер/ұстаным); **теле-** (теле/грамма, теле/скоп); **термо-** (термо/элемент, термо/метр); **транс-** (транс/крипция, транс/миссия); **ультра-** (ультра/дыбыс, ультра/күлгін; ультра/вирустар, ультра/микроскоп); **фит(о)-**(фито/география, фито/климат); **фоно-,(о) фон(ия)** (магнит(о)/фон, сим/фон(ия); **фото-** (фото/аппарат, фото/пленка); **экс-** (экс-президент, экс-министр); **экзо-**(экзо/гамия, экзо/подит); **экстра-** (экстра/лингвистикалық, экстра/гент, экстра/сенсорика); **электр(о)** (электр(о)/воз, электр(о)/мотор); **эндо-**(эндо/гамия, эндо/кринология); **эпи-**(эпи/дермис, эпи/центр); **этно-** (этно/графия, этно/лингвистика);

2) сөздің соңында қолданылатын элементтер (аффиксодтар): **-ант** (деклар/ант, гидр/ант); **-ар/-ер/-ор** (аукцион/ер, дизайн/ер); **-ат** (протектор/ат, дигидр/ат); **-атор** (инкуб/атор, коммент/атор); **-генез** (гидро/генез, этно/генез); **-грамма** (эпи/грамма, кардио/грамма, эрго/грамма); **-граф(ия)** (океано/графия, карто/графия); **-иат** (лиценз/иат, нотар/иат); **-изм** (бюрократ/изм, билингв/изм); **-инг** (маркет/инг, бренд/инг); **-ист** (криминал/ист, рецидив/ист); **-метр, -метр(ия)** (вольт/метр, тригоно/метрия); **-ним** (этно/ним, топо/ним); **-(о)лог(ия)** (морф/(о)/лог(ия), гео/лог(ия) (бұл қосымша кейде қазақ тіліне аударылып қолданылады: **-таным**(терминтаным – терминология); **-тану**(ғарыштану – космология, саясаттану – политология); **-нама**(әдіснама – методология); **(о)дром** (авто/дром, мото/дром); **-ор** (аудитор, дебитор); **-(о)тека** (карт(о)/тека, библи(о)/тека); **-скоп** (кине/скоп, эндо/скоп, теле/скоп); **-тик** (статис/тик, теоре/тик); **-тика** (дидак/тика, аэраста/тика); **-ценоз** (био/ценоз, микробо/ценоз); **-цион** (аук/цион, аттрак/цион).

Терминжасамның лексика-семантикалық (конверсиялық) тәсілі

Тіліміздегі лексикалық бірліктердің дайын қалпында алынып, бірқатары бастапқы мағынасында, басым көпшілігі түрлі деңгейдегі мағыналық өзгерістермен қолданыс тауып жүрген ағза, бағам, даңғыл, дәргей, діл, жиек, кеден, кент, құжат, мұрат, нарық, нысан, ота, өңір, рәміз, рәсім, рәуіш, сардар, серке, содыр, түлек, тығын, ұжым, үйек, үрдіс, шатыр сынды сөздерді лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминденген сөздерге жатқызылады [2, 754].

Зерттеуші Ә.Әміров баж, бәсеке, ғарыш, дәріс, делдал, қор, мәртебе, нарық, несие, пайда және т.б. терминдердісөз мағынасының өзгеруі (семантикалық тәсіл) арқылы жасалған деп көрсетсе [8, 60], Г.Иса аударманы да терминжасамның семантикалық тәсіліне жатқызып, мынадай мысал келтіреді: гусёк – қазмойын[7].

Зерттеуші Н.Абдуллина компьютер саласында соңғы жылдары жаңа мағынаға ие болған «айқұлақ» (собачка) терминінің («электрондық пошта арқылы хабар жібергенде пайдаланылатын, дөңгелек сызық ішіне «а» әрпі жазылған шартты таңба») бірнеше тілдегі мағынасын келтіре келе: «...қазақ тілінде бұрыннан бар «айқұлақ» сөзі жаңа терминологиялық мағынаға ие болып, термин ретінде өзінің семантикалық мағынасының шеңберін кеңейтіп отырғанын көреміз және жаңа мағынасында көпшілік қауымға таралып, қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүргені де мәлім», - мынадай тұжырым жасайды [9, 125] және қазіргі қазақ терминологиясындағы жаңа когнитивтік бағыттың қазіргі даму беталысы туралы зерттеу жүргізеді [10, 126]. Біздіңше, жоғарыдағы «айқұлақ» сөзінің терминдік мағына алуын терминжасамның лексика-семантикалық (конверсия) тәсілімен байланыстыруға болады. Сондай-ақ «айқұлақ» сөзінің терминдік мағына алуына ұлттық танымдық қабылдау және метафоралық ұқсастыру негіз болып отыр деп санаймыз. Осы ретте тіл білімінде когнитивтік құрылымдардың негізгі үлгісі ретінде метафора аталып [11, 249], оған былайша анықтама берілетінін атап өтеміз: «... языковая компетенция включается в концептуальную модель мира через метафору» [12, 173].

Осы ретте зерттеуші Г.Иса метафоралау жолымен жасалған терминдердің баламасы адамның айналасынан, оның өзінен және отбасынан, мал-мүлкінен ұқсатып алынатынын айта келе, «пештің мойны, өңеші, белдің құмырасы, бесік пеш, буаз ара, ошақтың езуі, жапсырма құлақ, көріктің көмейі, күйеу қазық деген атауларда адамның дене мүшелеріне ұқсату әдістері қолданса, қасқырауыз (әлді қысқаш, үлкен қысқаш), құстұмсық (қайла, жер қазатын құрал), итарқа (итжон), қабанқұлақ (қайрақ, көк сұр түсті тұтқыр тас қайрақ) деген халық терминдері адамға өте жақсы таныс жан-жануарлардың болмысына, түрлері мен дене мүшелеріне баланып тұр. Сол сияқты зат есімдер ғана емес, етістіктер де осындай тәсілмен жасалып, бүгінге дейін сол мағыналарында пайдаланылып келеді: білезіктеу, көбелеу (судың айналасын көтеріп, биіктете топырақ үю), сақиналау т.б.»[7], – деген тұжырым жасайды.

Қазіргі қазақ терминжасамында лексика-семантикалық (конверсия) тәсілдің қызметі қарқындылық алып келеді. Мысалы, жоғарыда аталған, атамекен, әнұран, отбасы, төраға, пікірсайыс, көшбасшы, немесемүзбалға, мұзтау, субүркігіш, іргетас, тамыр-таныстық, алқаби, шоқпеш, шоқжаппа, тастемір, едентақтай, тамшыаққыш, қайтарымпұл, иіртүтік, иректүтік және т.б.

терминдерді ұлттық танымға негізделген метафоралық қолданыс нәтижесінде жасалған деп санаймыз.

Қазіргі таңдағы терминологиялық салалық сөздіктерде тіркелген, заңнамада қолданылатын және Республикалық терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді талдау қазіргі қазақ терминжасамында шет тілдерінен термин қабылдауда мынадай бағыттар басымдыққа ие болып отырғанын көрсетті:

- еуропа тілдерінің сөзін сол тілдегі жазылуы бойынша қабылдау: python – python, pip – pip, HTML (HyperText Markup Language); URL (Uniform Resource Locator) және т.б.;

- еуропа тілдерінің сөзі мен еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөзден тұратын тіркестерді сол тілдердегі жазылуы бойынша қабылдау: операнды в python – python-дағы операнд, оператор break – break операторы, Google диск – Google диск, модуль events – events модулі, VideoPad видео редактор – VideoPad видеоредакторы, IP адрес – IP адрес және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне сол тілдердегі жазылуы бойынша қабылданған және еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерден тұратын күрделі тіркестердің еуропа тілдерінде жазылған сыңарын сол тілдердегі жазылуы бойынша қабылдау және еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерден тұратын сыңарын аудару: SWOT-анализ – SWOT-талдау, DDoS-атака – DDoS-шабуыл және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау: ботнет, грифер, спарклайн, хейтер, флейм, фон, чат, буфер, макрос, дропбокс, скайп, футер, копипаст, юникод, коммутатор, конкатенация, скрипт, фермент, суппозиторий, симилиум; хейт-спич, веб-дизайн – веб-дизайн, компьютер-сервер және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген қос сөздің бір сыңарын сол қалпында қабылдау және екінші сыңарын аудару: ревизор-программа – ревизор-бағдарлама, кэш-память – кэш-жады және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздердің орыс тіліндегі жұрнақтарын тіліміздің жұрнақтарымен аудару: мобильность – мобильдік, инертность – инерттілік және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орыс тіліндегі жұрнақтарыnsыз алу: рекурсивная функция – рекурсив функция; виртуальный тур – виртуал тур; монокулярное зрение – монокуляр көру; импульсный момент – импульс моменті және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді тілімізге араб, парсы тілдерінен енген сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы аудару: администратор – әкімші, администрация – әкімшілік және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді екі немесе одан да көп сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы термин жасау: гимн – әнұран,

лидер – көшбасшы, айсбайль – мұзбалға, компонент – құрамбөлік, айсберг – мұзтау, спреьер – субүркігіш, диета – емдәм, фундамент – іргетас, непотизм – тамыр-таныстық, программы-архиваторы – мұрағаттаушы бағдарлама және т.б. Алайда мұндай тәсілмен жасалған терминдердің біршамасы салалық терминологиялық сөздіктерде тіркелгенімен, олардың ғылыми анықтамалары түсіндірме немесе басқа сөздіктерде келтірілмейді, мысалы, галтель – жіктақтай, модульон – кемертірек, нервюра – әшекейқабырға, плитус – кенерелік, шпагат – кеңдіржіп, ригель – беларқа, саркофаг – тастабыт (құрылыс саласы) және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді түпнұсқа тілдердегі айтылуына жақындату арқылы қабылдау: видеокорта – видеокард, утилита – утилит, флуд – флад, смайлик – смайл, хромакей – хромаки, рейтузы – рейтуз және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген құрылымы бірдей сөздерді бірде түпнұсқа тілдердегі айтылуына жақындату арқылы, бірде орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау: грифинг – грифин, флейминг – флеймиң, хейтинг – хейтинг, претекстинг – претекстиң, сайдинг – сайдиң, копирайтинг – копирайтиң, айтрекинг – айтрекиң, хостинг – хостиң, контент-маркетинг – контент-маркейтиң, фанрайзинг – фанрайзиң, питчинг – питчиң; краудфандинг, трекинг, клининг, фанрайзинг, андеррайтинг және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді тіліміздің заңдылығына жақындату арқылы қабылдау: моль – мөл, джанк – жаңк және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді екі немесе одан да көп сөзден тұратын сөз тіркесімен аудару: фасовка – өлшеп орау, дерть – жарма жем, оперирование – операция жүргізу, шпрингартен – ат жаттықтыру шеңбері, стайер – аламанның аты және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерден тұратын күрделі терминдерді орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау: экотехника – экотехника, этноэкология – этноэкология және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерден тұратын күрделі терминдердің бір сыңарын аудару: криптоанализ – криптогалдама, контррегулятор – конрреттегіш, экополитика – экосаясат, этноэкосистема – этноэкожүйе және т.б.;

- бір сыңары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген, ал екінші сыңары орыс сөзінен тұратын күрделі терминдердің еуропа тілдерінен енген сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша, ал орыс тіліндегі сыңарын бір немесе екі сөзбен аудару: веб-страница – веб-парақша; тег-ссылка – тег-сілтеме, мегавселенная – мегағалам, микрозагрязнение – микроластану, микрозаказник – шағын қаумал, микрозаповедник – шағын қорық және т.б.;

- орыс тіліндегі сөздердің жазылу мен айтылуын тіліміздің заңдылығына жақындату: чиновник – шенеунік, завод – зауыт, кабель – кәбiл, режим – режім және т.б.;

- орыс тіліндегі «жалғастырғыш» дыбыстарды алып тастау: электроскоп – электрскоп, спектроскопия – спектрскопия, спектрофотометрия – спектрфотометрия және т.б.;

- орыс тіліндегі бір сөзді екі немесе одан да көп сөзбен аудару: вырубок – кесілген ағаш, отлив – судың қайтуы, паводок – су тасқыны, затопление – су басу, обучаемые – білім алушылар, дичка – жабайы екпе көшет, пшено – ақтаған тары және т.б.;

- орыс тіліндегі бір сөзді екі сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару: присяжный–алқаби, жаровня – шоқпеш, жарток – шоқжаппа, железняк – тастемір, дынька – қауынжиек, грязевик – лайұстар, заболонь – шелқабық, половица – едентақтай, слезник – тамшыаққыш, сдача – қайтарымпұл,змеевик – иіртүтік, иректүтік және т.б.;

- орыс тіліндегі екі сөзден тұратын күрделі сөзді екі сөзден тұратын күрделі сөзбен аудару: гвоздодер – шегесуырғыш, железоотделитель – темірбөлгіш, жируловитель – майтұтқы, землесос – топырақсорғыш, землечерпалка – жерқазғыш, золошлак – құлқож, известогаситель – әксендіргіш, ливнепуск – нөсерағар, молниеприемник – жайқабылдағыш, паропреобразователь – бүтүрлендіргіш, пароизоляция – буоқшаулау, паропровод – буқұбыр, пескозащита – құмқорған, пескоструйка – құмбүріккіш, полотнище – жайматөсем және т.б.;

- орыс тіліндегі күрделі сөзді қазақ тіліне екі немесе одан да көп сөзбен аудару: самопомощь – өзіндік көмек, маловодье – су тапшылығы, мелководье – таяз су және т.б.;

- орыс тіліндегі бірнеше сөзден тұратын терминдік тіркестің қазақ тіліндегі бір сөзден тұратын баламасын алу: чулки выше плюсны – ақсирақ, чулки в полбабках – ақбақай, чулки по венчику – ақтабан, безвременник осенний – лапыз, ежевник солончаковый – бұйырғын, марьин корень, пион уклоняющийся – таушымылдық, черемша колба – торжуа, лук горночесночный – таужуа, ковыль восточный – кәде, ковыль иоанна – қыланбоз, ковыль лессинговский – бетегебоз, ковыль сарептский – тарақбозжәне т.б.

Сонымен қатар қазіргі кезде қазақ терминжасамында аналитикалық (синтаксистік) тәсілдің басымдық алып отырғаны байқалады:

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі немесе одан да көп сөзден тұратын терминдік тіркестердің барлық сыңарын аудару (төл сөздермен немесе араб-парсы тілдерінен енген сөздермен): система программирования – бағдарламалау жүйесі, формирование проблемы – мәселені қалыптастыру, настройка программы – бағдарламаны баптау, окно документа – құжат терезесі,

алфавитный подход – әліпбилік тәсіл, информационный носитель – ақпарат тасымалдағыш, меню программы – бағдарлама мәзірі және т.б.

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі немесе одан да көп сөзден тұратын терминдік тіркестердің барлық сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы): итерация циклическая – циклдік итерация, параметр цикла – цикл параметрі, бинарный файл – бинарлы файл, моделирование компьютерное – компьютерлік моделдеу, циклические алгоритмы – циклді алгоритмдер, логический элемент компьютера – компьютердің логикалық элементі; визуальный дизайн интерфейса – интерфейстің визуал дизайны және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі сөзден тұратын терминдік тіркестердің бір сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы) және екінші сыңарын аудару (төл сөздермен немесе араб-парсы тілдерінен енген сөздермен): модульное программирование – модулдік бағдарламалау, стратегия локализации – жергіліктендіру стратегиясы, репродуктивный труд – репродуктив еңбек, файл текстовый – мәтіндік файл, интерфейс программный – бағдарламалық интерфейс, информационная модель – ақпараттық модель, тестирование программы – бағдарламаны тестілеу және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген екі сөзден тұратын терминдік тіркестердің бір сыңарын орыс тіліндегі жазуы бойынша қабылдау және екінші сыңарын аудару отырып, күрделі термин жасау: гозотводная труба – газтүтік және т.б.;

- еуропа тілдерінен орыс тіліне енген үш сөзден тұратын терминдік тіркестердің екі сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы) және үшінші сыңарын аудару: стандартная таблица символов – символдардың стандартты кестесі, каскадные таблицы стилей – стильдер каскадты кестелері және т.б.;

- бір сыңары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және екінші сыңары орыс тілінің сөзінен тұратын терминдік тіркестердің бір сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы) және екінші сыңарын аудару (төл сөздермен немесе араб-парсы тілдерінен енген сөздермен): межстрочный интервал – жоларалық интервал, облачная технология – бұлт технологиясы және т.б.;

- сыңарлары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздер мен орыс тілінің сөздерінен тұратын терминдік тіркестердің бір немесе бірнеше сыңарын орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау (тіліміздің жұрнақтары мен жалғауларын жалғау арқылы) және бір немесе бірнеше сыңарын аудару: теория новой торговли – жаңа сауда теориясы; процесс создания отчета на компьютере – компьютерде есеп түзу процесі; серверное программное обеспечение – серверлік бағдарламалық жасақтама; сетевая модель данных – деректердің

желілік моделі, электронная цифровая подпись – электрондық цифрлық қолтаңба; явление электромагнитной индукции – электромагниттік индукция құбылысы; правовая защита информации – ақпаратты құқықтық қорғау; нормальное атмосферное давление – қалыпты атмосфералық қысым және т.б.;

- сыңарлары еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздер мен орыс тілінің сөзінен тұратын (екі сөзден көп) терминдік тіркестердің барлық сыңарын аудару: информационные угрозы в сети – желідегі ақпараттық қатерлер, скорость перевозки информации – ақпарат тасымалдау жылдамдығы, информационный объем сообщения – хабардың ақпараттық көлемі, структурированный язык запросов – сауалдардың құрылымданған тілі, прямые линии распространения – тура таралу желілері және т.б.;

- сыңарлары орыс тілінің екі немесе одан да көп сөзінен тұратын терминдік тіркестердің барлық сыңарын аудару: ошибки выполнения – орындау қателері, сравнительные ссылки – салыстырма сілтемелер, исполнительные устройства – атқарушы құрылғылар, входные данные задачи – есептің кіріс деректері, память с произвольным доступом – еркін қолжетімді жады, постоянное запоминающее устройство – тұрақты есте сақтау құрылғысы, облачное хранилище данных – деректердің бұлттық қоймасы және т.б.

Осы ретте тіркесті терминдерді (тележурналистика саласы бойынша) аудару мәселелеріне арналған мақалада мынадай мәселелер аталады: бір сөздің бірнеше нұсқада аударылуы; орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы», «-ск- жұрнағы + -ий/-ая/-ое жалғауы», «-ов- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы», «не- приставкасы + түбір + -н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы, тіркесті терминнің біріккен сөз ретінде аударылуы («монтажный лист» – «монтажпарақ»); кейбір тіркесті терминдердің қысқарған формада қолданылуы («телевизионный эффект» – «телеэсер»); сондай-ақ қазақ тіліндегі бір сөздің орыс тіліндегі бірнеше сөздің баламасы ретінде қолданылуы («таспа» – «лента», «пленка») және т.б. [13, 67].

Қазіргі кездетіліміздің лексикалық қорындағы ұлттық құндылықтарға қатысты терминдерді орыс тіліне транслитерациялау арқылы термин жасау үдерісі артып келеді. Мысалы, абдесте – абдесте, абылайша – абылайша, адалбақан – адалбакан, айбалдақ – айбалдақ, айдауыл – айдауыл, әкім – аким, аққұман – аккумуля, ақсарбас – аксарбас, аламан – аламан, аластау – аластау, алдаспан – алдаспан, асық – алчик, әмеңгер – аменгер, асадал – асадал, асатаяқ – асатаяқ, асату – асату, атастыру – атастыру, ашамай – ашамай, байғазы – байгазы, басқұр – баскур, бастабақ – бастабак, беташар – беташар, босаға – босага, дағара – дагара, дағыра – дағыра, ерулік – ерулик, іркіт – иркит, итарқа – итарка, қазы – казы, келсап – келсап, қымыз – кумыс, күнжіт – кунжут, сексеуіл – саксаулжәне т.б. Мұндай сөздерге сөздіктерде кейде түсініктеме беріліп отырады: қарамойнақ – карамойнак (поздний сорт большой дыни), қарқара – каркара (женский головной убор), қарынбүрме – карынбурме (национальное

мясное блюдо), қолұстатар – колустатар (подарок, вручаемый женихом снохе невесты за то, что она соединяет его руку с рукой невесты), айыр (түйе) – айыр (верблюд) (тағам өнеркәсібі) және т.б.

Соңғы кездері қазақ тілінде **-алды, -арты, -асты** «аффиксидтарының» қолданысын кездестіреміз. Мысалы, предвыборный – сайлауалды, предшкольный – мектепалды, предпосевная обработка почвы– егісалды топырақ өңдеу, предпосевная обработка семян егісалды тұқым өңдеу, предпосевной полив предпосевной полив егісалды суару, (2022); тілалды дыбыстар, тіларты дыбыстар, тіласты безі, жерасты қазбалар, подкожная инъекция – теріасты инъекциясы және т.б. Бұл құбылысты орыс тілінің заңдылығына негізделген тікелей синтаксистік калька деп есептейміз.

Сонымен қатар терминжасам барысында сөздерді біріктіріп жазу үдерісі айрықша қарқын алып келе жатқаны байқалады. Мысалы, длинные деньги – ұзақпұл; душистый горошек – иісбұршақ, ремонтный молодежь – түліктөл және т.б. Осы ретте әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерді біріктіріп, «термин жасау үдерісі» байқалады. Мысалы, живучка – иістішөп, внутрисортное скрещивание – сортішіндік будандастыру, двойное замещение – қос орынбасу; простое замещение – жай орынбасу, контрзахват – қарсықапсыру және т.б.

Қазіргі кезде орыс тілінің құрылымынан тікелей калькалау әдісімен аудару арқылы бұрын тілімізде кездеспейтін сөздердің байланысу тәсілінің «жаңа бір түрі» қалыптасып келе жатқаны байқалады. Мысалы, угловое увеличение – бұрыштық ұлғаю, общественное питание – қоғамдық тамақтану, вакуумная перегонка – вакуумдық айдау және т.б.

Сондай-ақ қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде, салалық терминологиялық сөздіктерде, заңнамада орыс тіліне еуропа тілдерінен енген терминдердің тілімізде жарыса, сондай-ақ бірнеше баламасы қолданылып жүргенін кездестіреміз. Мысалы, бюрократ – бюрократ, төрешіл, интернет –ғаламтор, интернет; тұсаукесер, таныстырылым (презентация); глобализация –ғаламдану, жаһандану; лингвистика – лингвистика, тіл білімі және т.б.

Қазіргі кезде шетел, оның ішінде Қытай елінде тұратын қазақтардың тілінен термин алу біршама жандана бастағанын байқауға болады: жүгіртпе – курсор, тінтуір – мышка, танысқы – визитка және т.б.

Қорытынды. Қазіргі қазақ терминжасамының дәстүрлі үдерісін және қазіргі даму бағытын қарастыра келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Ұлт тіліндегі терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген немесе пайдалануға болатын сөзжасамдық жұрнақтарды әртүрлі ерекшеліктеріне, терминжасамдық әлеуетіне байланысты шартты түрде төмендегіше жіктейміз: 1) өнімділігі жоғары жұрнақтар; 2) өнімділігі орташа жұрнақтар; 3) өнімділігі артқан жұрнақтар; 4) араб, парсы тілдерінен енген тілдік элементтер; 5) кейбір сөздерге жалғанып, лексикалық бірлік жасаған жұрнақтар (қазіргі кезде ондай туынды сөздер лексика-семантикалық тәсіл, яғни конверсия арқылы

терминденген); 6) кейбір сөз таптарына жалғанғанда лексикалық бірліктер жасайтын жұрнақтар; 7) әртүрлі мағына білдіруге жұмсалатын жұрнақтар: а) кішірейту мағынасы; ә) сыйластық, құрметтеу мағынасы; б) еркелету мағынасы; в) жақтырмау мағынасы; 8) қазіргі кезде туынды сөз жасамайтын тарихи жұрнақтар.

2. Дәстүрлі түрде қалыптасқан ұлттық үлгідегі синтетикалық (морфологиялық) терминжасам тәсілінің қызметі белсенді түрде жалғасып келеді. Соның ішінде қазіргі кезде өнімді қолданылып отырған немесе өнімділігі артып келе жатқан терминжасам жұрнақтарына мыналарды жатқызуға болады: **-гер/-кер/-ғар/-гер; -гі/-ғы/-қы/-кі; -гіш/-ғыш/-кіш/-қыш; -ды/-ді/-ты/-ті/-лы/-лі;-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік; -м/-ым/-ім; -ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе; -ман/-мен; -малы/-мелі;-нама/-дама; -у;-уыр/-уір; -уыш/-уіш; -хана; -шы/-ші; -ыс/-іс.** Сонымен қатар толық мағыналы «жай», «бейне» сияқты сөздердің терминжасамдық белсенділігі артқан.

3. Негізінен еуропа тілдерінен енген сөздерге және орыс тілінің сөздеріне жалғанатын орыс тілінің жұрнақтары тілімізге: а) бір жұрнақ бір жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен және ә) бір жұрнақ бірнеше жұрнақтың фонетикалық нұсқаларымен аударылады (сөзжасамдық калька әдісі).

4. Терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) тәсілі (сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарған сөздер) қарқын алып келеді және бұл жолмен жасалған терминдердің құрамы әртүрлі (семантикалық-синтаксистік калька). Мұнда тіркестіру тәсілі арқылы жасалған терминдер (жаңа атаулар) орыс тілінен құрылымдық, семантикалық-синтаксистік калькалау жолымен жасалғанын атап өткіміз келеді. Осы ретте қазіргі кезде орыс тілінің құрылымынан тікелей калькалау әдісімен аудару арқылы бұрын тілімізде кездеспейтін сөздердің байланысу тәсілінің «жаңа бір түрі» қалыптасып келе жатқаны байқалады (уговое увеличение инструмента – құралдың бұрықтық ұлғаюы, общественное питание – қоғамдық тамақтану, вакуумная перегонка – вакуумдық аудау және т.б.). Қысқарған сөздер арқылы жасалған терминдерді былайша жіктеуге болады: а) Кеңес одағы тұсында орыс тіліндегі атаулардың қысқарған нұсқасы сол тілдегі жазылуы бойынша алынды (СССР, КПСС және т.б.); ә) орыс тіліндегі қысқарған атаулар аудармасының қысқарған нұсқасы алынды (СНГ – ТМД, ООН – БҰҰ және т.б.); б) еуропа тілдерінен енген қысқарған сөздер сол тілдердегі жазылуы бойынша алынды (HTML (HyperText Markup Language); URL (Uniform Resource Locator) және т.б.).

5. Шеттілдік элементтердің қатысуымен жасалған «гибрид» терминдердің саны артып келеді (толық және жартылай калька). Мұндай терминбөлшектерді төмендегіше жіктеп көрсетуге болады: 1) сөздің алдында қолданылатын элементтер (префиксодтар); 2) сөздің соңында қолданылатын элементтер (аффиксодтар). Алайда мұндай элементтер қазіргі кезде аударылып та қолданады (**аэро-**: аэропорт – әуежай; **видео-**: видеозапись – бейнежазба,

видеоинформация – бейнеақпарат; **-(о)лог(ия): -тану** (ғарыштану – космология, саясаттану – политология), **-нама** (әдіснама – методология)).

6. Лексика-семантикалық (конверсия) тәсіл арқылы ұлттық танымға негізделген метафоралық қолданыс нәтижесінде жасалған терминдердің саны артып отыр.

7. Тіліміздің лексикалық қорындағы ұлттық құндылықтарға қатысты терминдерді орыс тіліне транслитерациялау арқылы термин жасау үдерісі артып келеді. Мұндай сөздерге сөздіктерде кейде түсініктеме беріліп отырады.

8. Соңғы кездері белең алған **-алды, -арты, -асты** «аффиксоидтарының» қолданысын орыс тілінің заңдылығына негізделген тікелей синтаксистік калька деп есептейміз.

9. Жалпы қазақ тілінде сөздерді біріктіріп жазу үдерісі белең алуына байланысты біріккен сөз тұлғалы терминдер қатары да көбейе түскен (длинные деньги – ұзақпұл; душистый горошек – иісбұршақ, ремонтный молодняк – түліктөл). Осы ретте әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерді біріктіріп, «термин жасау үдерісі» байқалады (живучка – иістішөп, внутрисортное скрещивание – сортішіндік будандастыру, двойное замещение – қос орынбасу; простое замещение – жай орынбасу, контрзахват – қарсықапсыру).

10. Қазіргі кезде орыс тілінің құрылымынан тікелей калькалау әдісімен аудару арқылы бұрын тілімізде кездеспейтін сөздердің байланысу тәсілінің «жаңа бір түрі» қалыптасып келе жатқаны байқалады (угловое увеличение – бұрыштық ұлғаю, общественное питание – қоғамдық тамақтану, вакуумная перегонка – вакуумдық айдау).

11. Ғылыми әдебиеттерде, салалық терминологиялық сөздіктерде, заңнамада орыс тіліне еуропа тілдерінен енген терминдер бірнеше баламасы жарыса қолданылады.

12. Қазіргі кезде шетел, оның ішінде Қытай елінде тұратын қазақтардың тілінен термин алу біршама жандана бастағанын байқауға болады.

13. Шет тілдерінен термин қабылдау үдерісінде әдеттегідей еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылдау басым, сондай-ақ еуропа және орыс тілдерінің сөздерін сол тілдердегі жазылуы бойынша қабылдау процесі де кездеседі.

14. Еуропа тілдерінен орыс тіліне енген және орыс тілінің сөздері мен сөз тіркестерін тілімізге әртүрлі тәсілмен аудару және еуропа тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді тіліміздің заңдылығына жақындату (моль – мөл, джанк – жаңк) арқылы қабылдау үдерісі ұшырасады.

15. Терминалмасым есебінен терминқорды толықтыру үдерісі жалғасып келеді. Терминдерді бұрынғыша тек орыс тілі арқылы ғана емес, ағылшын тілінен тікелей термин қабылдау, оларды орыс емлесі бойынша жазбай, мониторинг (monitoring), банкиң (banking), паркиң (parking), франчайзиң (franchising) түрінде қабылдау үрдісі де байқала бастады. Алайда ағылшын

тілінен тікелей қабылданған терминдерді тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылығына толықтай бейімдеу болашақтың ісі деп санаймыз.

Қазіргі қазақ терминжасамындағы дәстүрлі үдерістер мен оның қазіргі даму бағытын талдай келе, аталған оң үдерістерді жандандыру, ал теріс үдерістердің тіліміздің заңдылығын одан әрі бұзуына жол бермеу мақсатында осы бағыттағы зерттеулерді күшейте түсу қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2013. – 400 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.– Алматы: Білім, 2014.
3. Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке (на материале относительных прилагательных). Отв. ред. Нурмагамбетов А. – Алматы: Мектеп, 1980. – 130 с.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Жазушы, 1998. – 208 б.
5. Айсұлтанова Қ. Қазақ тіліндегі терминжасамның ішкі көздері. Филол. ғыл. канд. дис... авторефераты. Мамандығы: 10.02.02. – қазақ тілі. – Алматы: Таргу, 2003. – 28 б.
6. Исақова С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. – Алматы: Білім, 2007. – 159 б.
7. Иса Г. Техника саласындағы терминжасам мәселелері // <https://termincom.kz/articles/?id=83>
8. Әміров Ә.Ж. Қазақ терминологиясы және баспасөз. – Алматы: Арда, 2015. – 96 б.
9. Абдуллина Н. Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы. 6D021300 – Лингвистика. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Ғылым, 2022. – 179 б.
10. Abdullina N., Faber P., Aidarbek K., Kurmanali A., Ainabekova T. Lexical-semantic features of color designations in some phrasemes // *XLinguae*, Volume 15, Issue 3. Slovak Republic. Slovakia. *XLinguae*, 2022. – P. 126-133. DOI: 10.18355/XL.2022.15.03.11
11. Lakoff G., Jonson M. The metaphor system for morality // *Conceptual structure discourse and language/ ed. by Goldberg A.* – Stanford. California. CSLI Publication, 1996. – P. 249-266.
12. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // *Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира / Б.А.Серебренников, Е.С.Кубрякова, В.И.Постовалова и др.* – М.: Наука, 1988. – С. 173-204.

13. Таубалдиев М., Құлманов С. Тіркесті терминдерді аудару мәселелері (Қазақ тележурналистика саласының материалдары негізінде) // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. 2022. №4. – 55-69-беттер. (<https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/issue/view/29/38>) (<https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.06>)

Ш. КУРМАНБАЙУЛЫ

Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Астана, Казахстан
С. КУЛМАНОВ

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

КАЗАХСКОЕ ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЕ: ТРАДИЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ

Аннотация. В статье доказывается, что на основе языковых данных активно продолжается функционирование синтетических (морфологических), синтаксических (аналитических) способов терминообразования национального образца, сформированных путем анализа традиционных процессов казахского терминообразования и современного направления его развития, также указаны суффиксы, которые в настоящее время используются продуктивно или имеют повышенную продуктивность.

В ходе исследования было установлено, что суффиксы русского языка, присоединяющиеся в основном к словам из европейских языков и к словам русского языка, переводятся на казахский язык следующим образом: а) один суффикс с фонетическими версиями одного суффикса и б) один суффикс с фонетическими версиями нескольких суффиксов.

В статье терминоэлементы «гибридных» терминов, составленные с участием иноязычных элементов, были классифицированы следующим образом: элементы, используемые перед словом (префиксоиды); элементы, используемые в конце слова (аффиксоиды). Однако доказано, что такие элементы в настоящее время также переводятся на казахский язык.

Можно отметить следующие «положительные» тенденции в современном казахском терминообразовании: увеличение количества терминов, созданных в результате метафорического употребления, основанного на национальном познании посредством лексико-семантического (конверсионного) способа; создание терминов путем транслитерации на русский язык терминов, относящихся к национальным ценностям в лексическом фонде нашего языка; заимствование терминов из речи казахов, проживающих за рубежом; перевод слов и словосочетаний вошедших в русский язык с европейских языков, а также с самого русского языка на

казахский язык различными способами; принятие терминов не только через русский язык, но и непосредственно из английского языка, при этом основываясь на их произношении, а не на правописании в русском языке.

Также в казахском терминообразовании наблюдаются следующие «негативные» тенденции: появление «нового типа» способов образования словосочетаний, ранее не встречавшихся в казахском языке, путем структурного, семантико-синтаксического калькирования с русского языка; увеличение употребления «аффиксоидов» (-алды, -арты, -асты); усиление процесса соединения слов; дублетное использование нескольких эквивалентов терминов, вошедших в русский язык из европейских языков; заимствование слов, вошедших в русский язык из европейских языков по написанию на русском языке; заимствование слов из европейских языков по написанию на этих языках; увеличение количества «гибридных» терминов, образованных с участием иностранных элементов.

Ключевые слова: терминология, терминообразование, терминозамещение, синтетический (морфологический) способ, синтаксический (аналитический) способ, лексико-семантический способ (конверсия)

Sh. KURMANBAYULY

The Eurasian National University named after L. Gumelev, Almaty, Kazakhstan

S. KULMANOV

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, Almaty, Kazakhstan

KAZAKH TERM FORMATION: TRADITIONAL PROCESSES AND MODERN DIRECTIONS OF DEVELOPMENT

Abstract. The paper proves that on the basis of linguistic data, the functioning of synthetic (morphological), syntactic (analytical) (unification, combination, combination, reduction of words) methods of term formation of the national sample, formed by analyzing the traditional processes of Kazakh term formation and the modern directions continues smoothly. Besides, suffixes that are currently being used productively and suffixes that are increasing in productivity are also indicated.

Russian suffixes, which are attached mainly to words from European languages and to words of the Russian language, are translated into Kazakh as follows: a) one Russian suffix with phonetic versions of one Kazakh suffix and b) one suffix with phonetic versions of several suffixes.

In the present paper, the term elements of «hybrid» terms composed with the participation of foreign language elements were classified as follows: elements used before the word (prefixes); elements used at the end of the word (affixodes). However, such elements are currently also being translated into Kazakh.

The following «positive» trends in modern Kazakh terminology formation can be noted: through lexico-semantic (conversion) creation an increase in the number of terms created as a result of metaphorical use based on national cognition; through Russian transliteration of terms that are in the lexical fund of the Kazakh language related to national values; borrowing terms from the speech of Kazakhs living abroad; Russian translation of words and phrases entered into the Russian language from European languages, as well as from the Russian language itself into the Kazakh language in various ways; the adoption of terms not only through the Russian language, but also directly from the English language, while based on their pronunciation, and not on spelling in Russian.

Also, the following «negative» trends are observed in Kazakh terminology: the emergence of a «new type» of ways of forming phrases that were not previously encountered in the Kazakh language, by structural, semantic and syntactic calculus from the Russian language; an increase in the use of «affixoids» (-aldy, -arty, -asty); strengthening the process of connecting words; parallel use of several equivalents of terms that have entered the Russian language from European languages; borrowing words that have entered the Russian language from European languages by spelling in Russian; borrowing words from European languages by spelling in these languages; increasing the number of «hybrid» terms formed with the participation of foreign elements.

Keywords: terminology, term formation, term substitution, synthetic (morphological) method, syntactic (analytical) method, lexico-semantic method (conversion)

References

1. Aitbaiұлы Ö. Qazaq tıl bilimniñ terminologiasy мәseleleri. – Almaty: Mektep, 2013. – 400 b.
2. Qūrmanbaiұлы Ş. Qazaq terminologiasy: zertteuler, oqulyq, sözdik, bibliografia.– Almaty: Bilim, 2014.
3. Urekenova R.A. Obrazovanie terminov v kazahskom iazyke (na materiale otnositelnyh prilagatelnyh). Otv. red. Nurmagambetov A. – Almaty: Mektep, 1980. – 130 c.
4. Qūrmanbaiұлы Ş. Qazaq leksikasynyñ termindenuı. – Almaty: Jazuşy, 1998. – 208 b.
5. Aisūltanova Q. Qazaq tılındaғы terminjasamnyñ ıshkı közderi. Filol.ğyl.kand.dis... avtoreferaty. Mamandyğy: 10.02.02. – qazaq tılı. – Almaty: Targu, 2003. – 28 b.
6. İsaqova S. Qazaq termintanymy: leksikalyq qūramy, jasalu tāsılderı, pragmatikalyq qyzmetı. – Almaty: Bilim, 2007. – 159 b.
7. İsa G. Tehnika salasyndağy terminjasam мәseleleri // <https://termincom.kz/articles/?id=83>

8. Ämırov Ä.J. Qazaq terminologiasy jäne baspasöz. – Almaty: Arda, 2015. – 96 b.
9. Abdullina N. Qazaq tilindegi terminologialyq birlıktırdı qalyptastyrodağy kognitivtik qūrylymdar reprezentasiyası. 6D021300 – Lingvistika. Filosofia doktory (PhD) дәrejesın alu űşın daiyndalğan disertasia. – Almaty: Ğylym, 2022. –179 b.
10. Abdullina N., Faber P., Aidarbek K., Kurmanali A., Ainabekova T. Lexical-semantic features of color designations in some phrasemes // XLinguae, Volume 15, Issue 3. Slovak Republic. Slovakia. XLinguae, 2022. –P. 126-133. DOI: 10.18355/XL.2022.15.03.11
11. Lakoff G., Jonson M. The metaphor system for morality // Conceptual structure discourse and language/ ed.by Goldberg A. – Stanford. California. CSLIPublication, 1996. – P. 249-266.
12. Telia V.N. Metaforizasia i ee röl v sozdanii iazykovoi kartiny mira // Röl chelovecheskogo faktora v iazyke. İazyk i kartina mira / B.A.Serebrennikov, E.S.Kubrākova, V.İ.Postovalova i dr. – M.: Nauka, 1988. – S. 173-204.
13. Taubaldiev M., Qūlmanov S. Tırkestı terminderdı audaru mäseleleri (Qazaq telejurnalistika salasynyñ materialdary negızinde) // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. 2022. №4. – 55-69-better. (<https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/issue/view/29/38>) (<https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.06>)

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманбайұлы Шерубай – ҚРҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Курманбайұлы Шерубай – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kurmanbayuly Sherubay – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының доценті, Алматы, Қазақстан

Кулманов Сарсенбай Куантаевич – кандидат филологических наук, доцент Института языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

Kulmanov Sarsenbai Kuantaevich – A. Baitursynov Institute of Linguistics, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Almaty, Kazakhstan